

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

"Өнер" бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңес- Оқу – әдістемелік бірлестік № 1 отырысының ХАТТАМАСЫ

Күні мен уақыты: 2025 жылғы 24 қараша , сағат 11.00 (Астана қ.)

Өткізу форматы: Zoom платформасында онлайн

Конференцияға қосылу:

Конференция идентификаторы: 670 635 6048

Коды: 2022

Төраға: «Өнер» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, оқу және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор Ш.Қ. Ергөбек

Хатшы: «Өнер» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ хатшысы Г.Б. Гизатова

Қатысқандар: тізім бойынша

КҮН ТӘРТІБІ

1. Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің "Өнер" бағыты бойынша Оқу – әдістемелік бірлестіктің төрағасы, ректор А.А. Жудебаевтың алғы сөзі

2. 2025–2026 оқу жылға жоспарланған «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ отырыстарының тақырыбын бекіту

Баяндамашы:

Гизатова Гүлнара Бисенғалиевна – «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ-тың ғылыми хатшысы

3. Қазақстан Республикасының музыкалық өнер саласындағы үздіксіз кәсіби білім берудің қазіргі жағдайы, проблемалары және оларды шешу жолдары
Баяндамашылар:

1. Нұртаза Раушан Сабыржанқызы - Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, ғылыми-шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор

2. Кошербаев Жанболат Асетович - Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, философия докторы (PhD);

3. Балпанова Гүльсара Сайдғалиевна- П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледждің оқу ісі жөніндегі директорының орынбасары

4. Абдрашев Бахтияр Толепбергенович – Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат директоры

5. Кадырханова Риммат Кадырхановна - Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат директорының музыка ісі жөніндегі орынбасары
6. Абишева Гульнар Абдрахмановна - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК директоры
7. Жанбырбаева Анар Асановна - Қызылорда қаласының музыка мектебінің директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша: Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің "Өнер" бағыты бойынша Оқу – әдістемелік бірлестіктің төрағасы, ректор А.А.

Жудебаевтың алғы сөзі

(Мәтіні қоса беріледі)

Екінші сұрақ бойынша: 2025–2026 оқу жылға жоспарланған «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ отырыстарының тақырыбын бекіту

Баяндамашы:

Гизатова Гүлнара Бисеңғалиевна

(Презентация қоса берілді)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. *Гизатова Гүлнара Бисеңғалиевнаның баяндамасын назарға алу.*

2. 2025-2026 оқу жылына арналған «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ РОӘК отырыстарының жоспарын бекіту

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қолдаймын - бірауыздан, қарсы- жоқ, қалыс қалды - жоқ

Үшінші сұрақ бойынша: Қазақстан Республикасының музыкалық өнер саласындағы үздіксіз кәсіби білім берудің қазіргі жағдайы, проблемалары және оларды шешу жолдары

Баяндамашылар:

1. Нұртаза Раушан Сабыржанқызы, Балпанова Гульсара Сайдғалиевна, Абдрашев Бахтияр Төлепбергеневич, Кадырханова Риммат Кадырхановна, Абишева Гульнар Абдрахмановна, Жанбырбаева Анар Асановна

(Презентациялар қоса берілді)

Кошербаев Жанболат Асетович - отырысқа қатысқан жоқ, баяндаманы ұсынған жоқ

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. *Нұртаза Раушан Сабыржанқызы, Балпанова Гульсара Сайдғалиевна, Абдрашев Бахтияр Төлепбергеневич, Кадырханова Риммат Кадырхановна, Абишева Гульнар Абдрахмановна, Жанбырбаева Анар Асановнаның баяндамаларын назарға алу.*

2. 2025 жылғы 6 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасындағы музыкалық өнер саласында үздіксіз кәсіби білім мәселелерін қарастыру үшін музыкалық мектептер, колледждер мен Жоғары оқу орындарының жетекші педагогтарының, мамандардың, жұмыс берушілердің, Оқу-ағарту министрлігінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Мәдениет және

ақпарат министрлігінің, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің өкілдерінен жұмыс тобын құру. Жұмыс тобы жүйелі мәселелерді шешу және нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу үшін жауапты болады.

Жұмыс тобы келесі бағыттар бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуі тиіс:

- музыкалық мектептер мен өнер мектептерін қосымша білім беру статусынан профильді көркем білім беру мекемелерінің статусына көшіру мәселесі;

- кадрлық мәселелерді шешу жолдары: жоғары білікті педагогикалық кадрлардың тапшылығы;

- білім беру қызметкерлерінің еңбекақысының төмен деңгейі, мансаптық өсу мүмкіндіктерінің шектеулілігі, педагогтардың шығармашылық және ғылыми-зерттеу қызметі жүргізуі үшін қолайлы жағдайлардың жетіспеушілігі;

- білім беру бағдарламаларын жаңарту, оларға кросс-жанрлық тәжірибелерді, кәсіпкерлік негіздер мен цифрлық дағдыларды бейімдеу;

- педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдіру, оның ішінде арнайы пәндер бойынша заманауи әдіснамаларға негізделген біліктілікті арттыру курстарын енгізу;

- өңірлердегі музыкалық білім беруді қолдау бағдарламаларын іске асыру (қашықтан өткізілетін шебер-класстар, көшпелі әдістемелік мектептер, музыкалық аспаптарды сатып алуға субсидиялар бөлу);

- Инклюзивті білім беру тәжірибесін енгізу және ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған бейімделген оқу бағдарламаларын әзірлеу.

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қолдаймын - бірауыздан, қарсы - жоқ, қалыс қалды - жоқ

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ төрағасының
орынбасары, оқу және
оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор**



Ергөбек Ш.Қ.

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ хатшы**



Гизатова Г.Б.